



# Экономиканың озық индикаторы

2023 қаңтар



Қазақстан экономикасының жай-күйін анықтау үшін озыңқы көрсеткіш есептеледі. Ол ЖІӨ-нің прокси индикаторы – **қысқа мерзімді экономикалық индиктор** (ҚЭИ) релін атқарады.

ҚЭИ ЖІӨ-нің 60%-дан астамын құрайтын 6 саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі. Олар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, байланыс, көлік және қоймаға жинап қою.

## Тәуекелдер мен келешектер

2023 жылдың қаңтарында ҚЭИ өсімі айтарлықтай үдей түсті. Оның бұлайша үдеуіне құрылыстың, байланыстың, көтерме және бөлшек сауданың елеулі даму көрсеткіштері негіз болды. Бұған өнеркәсіп секторы да оң үлес қосты. Онда тау-кен өндіру саласының қайта қалпына келгендігін атап өтуге болады. Сонымен қатар мұндай өсім көптеген салалардың өткен жылдың басымен салыстырғанда («қаңтарға» байланысты экономикалық белсенділіктің төмендеуі) жандана бастауымен де қамтамасыз етілді.


Алдағы уақытта біз экономикада тәуекелдер мен айқынсыздықтардың төмендейтіндігін күтеміз. Бұған жыл барысында сұраныстың тұрақты болуы, сондай-ақ инфляция мен инфляциялық болжамдардың біртіндеп бәсеңдеуі арқасында қол жеткізіледі. Өйткені тиісті шаралар қолданылады. Бұл ретте шикізаттар мен тауарларды жеткізу тізбегі және жаңа геосаяси қақтығыстардың пайда болу тәуекелі де азаяды.

Осылайша біздің болжам бойынша биыл экономиканың барлық негізгі секторлары өсетін болады. Ол:

- негізгі капиталға жұмсалатын инвестицияның өсуімен;
- мемлекет тарапынан байланыс саласына қолдау көрсетілуімен;
- мұнай өндіру және тауарларды экспорттаудың ұлғаюымен;
- баға бойынша қысымның төмендеуімен (бұл сауда мен құрылыс саласына оң әсер әтеді);
- еңбек нарығының өсуімен;
- дамудың жаңа тұжырымдамасы аясында ұзаққа созылған фискалды ынталандырулармен;
- инвестиция, баға белгілеу механизмдерін жетілдіру, сондай-ақ жаңа өндірістік және тұрғын үйлік нысандарды салу есебінен құрылыс саласын дамытумен қамтамасыз етіледі.

Соның нәтижесінде біз болжамымыздың ауқымын жан шошытарлық жәйттер болмаса, **экономиканың жылдық өсімін 3.8%-4.3%** деңгейіне дейін көтеруді ұйғардық.

## ҚЭИ және ЖІӨ өзгеруінің шоғырланымдық серпіні





## 2023 қаңтарының қорытындысы 2023

**2023 жылдың алғашқы айында ҚЭИ жақсы өсіп, 5.0%-ды құрады.**

**Мұндай үдемелі даму нақты сектор (+2.3%) мен қызмет көрсету секторының өсуімен (+7.6%) қамтамасыз етілді.**

**Экономиканың барлық негізгі салаларында оң серпін**

**байқалды.** Бұл ретте өсуге негізгі үлесті: көтерме және бөлшек сауда, сондай-ақ байланыс саласы қосты. Нақты секторда ең жоғары өсім құрылыс саласында байқалды.

**Өнеркәсіп** 2022 жылдың қаңтарының деректері бойынша 1.4%-ға өсті. Өткен жылдың қазан айынан бері тау-кен өндірісі саласы тұңғыш рет өсу аймағына өтіп, 1.2%-ды (2022 қаңтарында 7.2%) құрады. Мұндай өсімді мұнай (+1%), түсті металдарды (+9.1%) және басқа да пайдалы қазбаларды өндіру (+7.6%) қамтамасыз етті. Алайда өткен жылмен салыстырғанда көмір өндірудің төмендегені және темір кендерін өндірудің одан әрі төмендегені байқалды.

**Өңдеуші саланың жалпы қосылған құны (ЖҚҚ)** 1.6%-ға өсті.

Бұған фармацевтикалық өнімдер (+51%), азық-түлік өнімдері (+9.8%), сусындар (+33.2%), тоқыма (+25.5%) және темекі бұйымдары (+21.3%), машина жасау (+12.1%) өндірісін арттыру нәтижесінде қол жеткізілді. Бұл ретте киім-кешек өндірісі (-13.8%) мен металлургия өндірісі (-7.4%) төмендеді.

**Құрылыс саласы** 12.5%-ға айтарлықтай өсті. Қаңтарда тұрғын үй ғимараттарын салу құрылысы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 31.5%-ға қысқарса, тұрғын үйге жатпайтын ғимараттар құрылысы керісінше 39.1%-ға артты. Бұл тұрғын үй құрылысының теріс әсерін білдірмей жіберді. Құрылысжайлар салу 14.4%-ға өсті. Бұған біздің пікірімізше негізгі капиталға инвестиция салуды арттыру, құрылыс жобаларын жүзеге асыру және мемлекет тарапынан аталмыш салаға ұзақ уақыт қолдау көрсетудің арқасында қол жеткізілді.

**Қызмет көрсету саласында барлық негізгі салалар жақсы өсімді көрсетті.**

Айталық, **телекоммуникация мен байланыс нарығындағы** өсім +18.1%-ды, ал саудада +19.4%-ды құрады: бөлшек саудалық сектор 20.8%-ға, ал көтерме саудалық сектор 18.8%-ға өсті. Салалардың үдемелік өсімін қаңтар оқиғасына байланысты өткен жылдың төмен базасының нәтижесімен түсіндіруге болады.

Бұл ретте мемлекет азаматтарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету мақсатында ұлттық жобалар арқылы байланыс саласын дамытуға қолдау көрсетуде. Ал сауда саласы банктер тарапынан қолдау көрсету арқылы қолдау табуда.

**Көлік және қоймаға жинап қою саласында** ҰСБ деректеріне сәйкес әдістемелер қайта қаралды. Нәтижесінде қаңтарда өсім 7.9% деңгейінде болды (жаңа әдістеме бойынша өткен жылы +8.6% болған еді). Өсім жолаушы айналымының 49.3%-ға үдеуі және жолаушы тасымалдаудың 32.5%-ға өсуі арқасында қамтамасыз етілді. Ағымдағы жылдың алғашқы айында кәсіпорындардың табыстары 371.5 млрд теңгені құрады.

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

ҚЭИ-дің өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты пайыздық өзгерісі	2019	2020	2021	2022	2023
Қаңтар	2.9	4.4	-5.8	3.0	5.0
Қаңтар-ақпан	3.6	4.9	-4.0	5.5	
Қаңтар-наурыз	4.2	4.3	-1.8	6.5	
Қаңтар-сәуір	4.1	1.2	1.2	6.0	
Қаңтар-мамыр	3.7	-0.5	2.0	5.9	
Қаңтар-маусым	4.3	-1.0	2.9	4.5	
Қаңтар-шілде	4.4	-2.7	3.7	4.0	
Қаңтар-тамыз	4.8	-2.9	3.9	3.7	
Қаңтар- қыркүйек	4.7	-2.5	4.1	3.5	
Қаңтар- қазан	4.7	-2.8	3.9	3.1	
Қаңтар- қараша	4.7	-2.6	4.1	3.2	
Қаңтар- желтоқсан	5.0	-2.4	4.5	3.5	



## 2023 қаңтарының қорытындысы: Өңірлік даму

Ағымдағы жылдың қаңтарында **экономикалық жағынан анағұрлым дамушы өңірлер**: Алматы (+36.7%), Шымкент (+19.2%) қалалары, Алматы (+13.7%) және Ақмола (+12.6%) облыстары.

Алматыда экономиканың өсімі сауда саласының (+53%) арқасында қамтамасыз етілді. Ал Шымкентте өсудің басты қозғаушы күші – көлік және қоймаға жинап қою салалары (2 есеге өсті) болды.

Алматы мен Ақмола облыстарында байланыс пен құрылыс салаларының өсімі рекордтық көрсеткішке жетті. Экономиканың бәсеңдеуі 8 облыста тіркелді.

### Экономиканың бәсеңдеуі 8 облыста тіркелді.

Экономиканың ең қатты құлдырауы Қостанай (-5.9%) және (-5.9%) Қарағанды облыстарында орын алды. Басты себеп: темір мен көмір кенін өндірудің және металлургия өндірісінің төмендеуі.

Егер экономика салаларының дамуын өңірлер бойынша қарайтын болсақ, онда ауыл шаруашылығы бәрінен бұрын Шығыс Қазақстан облысында дамыды (+21.9%).


Өнеркәсіп секторының өсімі Алматы облысында байқалды. Оған сусындар мен темекі бұйымдары өндірісінің артуы себеп болды.

Құрылыс саласы барлығынан бұрын Шығыс Қазақстан мен Ақмола облыстарында өсті.

Көтерме және бөлшек сауда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс салалары ең жоғары өсімді Жетісу облысында көрсетті.

## 2023 жылдың қаңтарында өңірлер бойынша ҚЭИ өсімі

Қазақстан бойынша **+5.0%** (+3.0%)\*



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

\*жақшада 2022 жылдың қаңтарының деректері көрсетілген

Алматы **+36.7%** (-9.8%)  
 Астана **-0.2%** (-1.3%)  
 Шымкент **+19.2%** (+0.9%)



# The short-term economic indicator and main sectors of the economy by regions


2023 жылдың қаңтары

Дереккөз: ҚР СЖРА ҮСБ, Jusan Analytics есептеулері

<b>Абай облысы</b> <b>ҚЭИ: 10.3%</b> Ауыл шаруашылығы: 1.3% Өнеркәсіп: 12.3% Құрылыс: 8.4% Ішкі сауда: 4.5% Көлік және қоймалау: -1.0% Байланыс: 66.9%	<b>Ақмола облысы</b> <b>ҚЭИ: 12.6%</b> Ауыл шаруашылығы: 4.4% Өнеркәсіп: 15.3% Құрылыс: 114.6% Ішкі сауда: 10.4% Көлік және қоймалау: -8.3% Байланыс: 50.4%	<b>Ақтөбе облысы</b> <b>ҚЭИ: -1.6%</b> Ауыл шаруашылығы: 0.1% Өнеркәсіп: -0.9% Құрылыс: 38.4% Ішкі сауда: -18.2% Көлік және қоймалау: 7.2% Байланыс: 28.2%
<b>Алматы облысы</b> <b>ҚЭИ: 13.7%</b> Ауыл шаруашылығы: -0.3% Өнеркәсіп: 21.3% Құрылыс: 57.4% Ішкі сауда: 27.4% Көлік және қоймалау: -12.5% Байланыс: 51.6%	<b>Атырау облысы</b> <b>ҚЭИ: 2.6%</b> Ауыл шаруашылығы: 1.8% Өнеркәсіп: 3.3% Құрылыс: 31.7% Ішкі сауда: -10.3% Көлік және қоймалау: 2.0% Байланыс: 36.2%	<b>БҚО</b> <b>ҚЭИ: -2.8%</b> Ауыл шаруашылығы: 12.3% Өнеркәсіп: -3.4% Құрылыс: -33.5% Ішкі сауда: 11.8% Көлік және қоймалау: 2.2% Байланыс: 43.7%
<b>Жамбыл облысы</b> <b>ҚЭИ: -3.1%</b> Ауыл шаруашылығы: 3.0% Өнеркәсіп: 2.5% Құрылыс: 35.5% Ішкі сауда: 1.3% Көлік және қоймалау: -19.7% Байланыс: 36.7%	<b>Жетісу облысы</b> <b>ҚЭИ: 10.6%</b> Ауыл шаруашылығы: 0.4% Өнеркәсіп: 8.2% Құрылыс: -25.2% Ішкі сауда: 69.1% Көлік және қоймалау: -1.3% Байланыс: 79.7%	<b>Қарағанды облысы</b> <b>ҚЭИ: -5.9%</b> Ауыл шаруашылығы: -1.9% Өнеркәсіп: -9.6% Құрылыс: -31.9% Ішкі сауда: 30.7% Көлік және қоймалау: 28.1% Байланыс: 27.1%
<b>Қостанай облысы</b> <b>ҚЭИ: -5.9%</b> Ауыл шаруашылығы: 3.1% Өнеркәсіп: -8.8% Құрылыс: 5.3% Ішкі сауда: 1.4% Көлік және қоймалау: 6.1% Байланыс: 33.2%	<b>Қызылорда облысы</b> <b>ҚЭИ: 4.5%</b> Ауыл шаруашылығы: 2.4% Өнеркәсіп: 7.2% Құрылыс: 35.9% Ішкі сауда: 2.4% Көлік және қоймалау: -5.3% Байланыс: 27.6%	<b>Маңғыстау облысы</b> <b>ҚЭИ: 4.5%</b> Ауыл шаруашылығы: 7.2% Өнеркәсіп: 2.1% Құрылыс: 28.8% Ішкі сауда: 30.8% Көлік және қоймалау: 9.7% Байланыс: 21.1%
<b>Павлодар облысы</b> <b>ҚЭИ: 4.6%</b> Ауыл шаруашылығы: 6.0% Өнеркәсіп: 3.8% Құрылыс: -7.0% Ішкі сауда: 3.7% Көлік және қоймалау: 22.7% Байланыс: 35.0%	<b>СҚО</b> <b>ҚЭИ: 9.3%</b> Ауыл шаруашылығы: 2.7% Өнеркәсіп: 12.3% Құрылыс: 123.4% Ішкі сауда: -0.7% Көлік және қоймалау: 8.5% Байланыс: 43.0%	<b>Түркістан облысы</b> <b>ҚЭИ: -2.2%</b> Ауыл шаруашылығы: 0.9% Өнеркәсіп: 8.3% Құрылыс: -15.8% Ішкі сауда: 11.5% Көлік және қоймалау: -23.0% Байланыс: 27.6%
<b>Улытау облысы</b> <b>ҚЭИ: 7.4%</b> Ауыл шаруашылығы: 0.8% Өнеркәсіп: 6.8% Құрылыс: 40.7% Ішкі сауда: 17.9% Көлік және қоймалау: 18.0% Байланыс: 56.6%	<b>ШҚО</b> <b>ҚЭИ: -5.0%</b> Ауыл шаруашылығы: 21.9% Өнеркәсіп: -8.7% Құрылыс: 0.4% Ішкі сауда: 6.8% Көлік және қоймалау: 20.3% Байланыс: 27.5%	<b>Астана</b> <b>ҚЭИ: -0.2%</b> Ауыл шаруашылығы: -0.1% Өнеркәсіп: -11.3% Құрылыс: 0.2% Ішкі сауда: 2.2% Көлік және қоймалау: 4.6% Байланыс: 20.3%
<b>Алматы</b> <b>ҚЭИ: 36.7%</b> Ауыл шаруашылығы: 3.6% Өнеркәсіп: 19.6% Құрылыс: 0.5% Ішкі сауда: 53.4% Көлік және қоймалау: 28.2% Байланыс: 12.4%	<b>Шымкент</b> <b>ҚЭИ: 19.2%</b> Ауыл шаруашылығы: 6.9% Өнеркәсіп: 8.2% Құрылыс: 0.4% Ішкі сауда: 7.7% Көлік және қоймалау: 100.0% Байланыс: 44.6%	




## ҚЭИ және тауар өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



2023 жылдың қаңтарында ауыл шаруашылығы саласы бойынша деректер жоқ

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

## ҚЭИ және көрсетілетін қызметтер өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері



**Автор:** Клара Сейдахметова (K.Seidakhmetova@jusan.kz)

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz